

**D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің
басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік
лауазымына орналастыру бойынша «Павлодар облысының
сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ
конкурстық комиссиясы отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Павлодар қаласы

2017 жылғы « 4 » қыркүйек
Басталуы: сағ. 17 : 00 мин.

Конкурстық комиссияның құрамы – 5 адам.
Қатысты: 6 адам.

- | | | | |
|----|--------------------------------------|---|---|
| 1. | Кәмшат Төлеуханқызы
Балтабаева | – | ұйымдастыру-кадрлар және
қаржы жұмысы бөлімінің
басшысы,
комиссия төрайымы |
| 2. | Әділет Бейсенбайұлы
Сейітбатталов | – | статистик, комиссия хатшысы |

Комиссия мүшелері:

- | | | | |
|----|------------------------------------|---|---|
| 3. | Шыңғыс Қуандықұлы
Нұрмағанбетов | – | өндірістік-экономикалық
бөлімнің басшысы |
| 4. | Алмас Жаңабекұлы
Мәтенов | – | өндірістік-экономикалық
бөлімнің бас маманы |
| 5. | Айнұр Оралбекқызы
Нұрғалиева | – | аумақтағы құрылыс және
жоспарлау бөлімінің
бас маманы |
| 6. | Асқар Құмарқанұлы
Ақпанов | – | мемлекеттік қала құрылысы
кадастры бөлімінің бас маманы |

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурсқа (бұдан әрі – ішкі конкурс) қатысушылардың D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы (лауазым индексі № 2-2-1) «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына ұсынылған құжаттарды қарау және іріктеу.

2. Ұсынылған құжаттардың жарияланған D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі және қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдау.

Тыңдалды: Комиссия мүшесі, өндірістік-экономикалық бөлімнің бас маманы А.Ж. Мәтенев 2017 жылғы 25 тамызда Басқарманың **deparhpо.gov.kz** интернет-ресурсында және уәкілетті органның **kyzmet.gov.kz** ресми сайтында ішкі конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланып, құжаттарды қабылдау мерзімі 2017 жылғы 31 тамызда аяқталғанын хабарлады.

1. 2017 жылғы 29 тамызда D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы бос лауазымына орналасу бойынша ішкі конкурсқа қатысу үшін D-O-4 санатты, Басқарманың аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің бас маманы Жанболат Мейірманұлы Әшірбектен өтініш және қызметтік тізім қабылданды, ол 1986 ж. 07.04. туылған, «Сәулет» мамандығы бойынша «Сәулет бакалавры» біліктілігімен жоғары білімі бар.

Осы Басқармада 2013 жылғы 22 шілдеден бастап қызмет атқаруда. Жалпы еңбек өтілі 4 жыл 8 ай, мемлекеттік қызметті өткерудегі еңбек өтілі – 2 жыл 11 ай.

D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы бос лауазымына орналасу бойынша ішкі конкурсқа қатысушы Ж.М. Әшірбек «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары» 4-бөлімі 2-параграфының 43-тармағына сәйкес барлық құжаттарын конкурстық комиссияға ұсынды.

Жанболат Мейірманұлы Әшірбек ұсынған құжаттардың топтамасы біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

1. Ішкі конкурсқа қатысушының құжаттары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы» № 85 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 10 мамырдағы № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптары» 2-бөлімінің 37-тармағына сәйкес қатысушыға қойылатын тиісті «Б» корпусының D-O-3 санатты әкімшілік мемлекеттік лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікке қарап және талдап;

2. Қарау қорытындылары бойынша Басқарманың конкурстық комиссиясы

ШЕШТІ:

1. D-O-4 санатты, Басқарманың аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің бас маманы Жанболат Мейірманұлы Әшірбек D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу үшін әңгімелесуге жіберілсін.

Комиссия төрайымы:



К. Балтабаева

Комиссия хатшысы:





А. Сейітбатталов

Комиссия мүшелері:



Ш. Нұрмағанбетов



А. Мәтенов



А. Нұрғалиева



А. Ақпанов